

ҚАЗАҚ КИІЗ ҮЙІНІҢ ЭТНО-БЕЛГІЛІК ЖҮЙЕЛЕРІ

Қазақтың киіз үйі қазақ халқының өзімен бірге өмірге келіп, өмір бойы бірге жасасып келеді. Қазақ халқы үшін қандай да бір зат жасауға материал жарамды болуы үшін ол физикалық талаптармен қоса, символикалық талаптарға да сай келуі керек болған. Материал адамдардың сыртқы тіршілікке берген өмір, қуаныш, тазалық, бақыт тағы басқа да жағымды ұғымдарға сәйкес келсе ғана оны зат жасауға қолданған. Ертедегі қазақтардың затты жасау әдісі Құдайдың Әлемді жасау жобасының үлгілерінен туған, белгілі бір зат жасарда өзінің «Қолбасшысы», дем беруші Құдайын ұмытпаған. Нақтырақ айтсақ қазақ халқы табиғатпен етене жақын болғандықтан, табиғат жасаушы (беруші, өндіруші) бастама ретінде қабылданады. Адам өз тіршілігі үшін (егіннің түсімі, мал басының өсуі) табиғатқа тәуелді болды.

Құдай жарық пен қараңғылықты, күн мен түнді, аспан мен жерді жасады. Адамзатты жасағанда міндетті түрде уақыт пен кеңістік арқылы шектеліп отырады. Зат жасау үшін шикізатты іріктейді, оны қасиетті күштері бар су, от, ауа арқылы жандандырады. Адам ақыл ойының жемісінен пайда болған заттар тек қажеттілікті ғана өтеп қоймай, сол замандағы қоғамдық қатынастардың көрінісін берді.

Зат бұл қандайда бір белгі және белгі қандай да бір зат болды. Зат мәдениет көрсеткіші болуы үшін ол практикалық және символдық талаптарға сай келуі керек. Осыған орай мәдениет зерттеушісі А.Леруа-Гранның ойын келтірейік: «Баспанаға символдық мағына бергеннен кейін ғана барып адамның кеңістікті меңгеру әдісі туралы айтуға болады», – дейді [1].


Мәдениет көрсеткіші болатын мұраның бірі – қазақтың киіз үйі. Киіз үй қазақ халқының ежелден келе жатқан баспанасы, сондықтан оны зерттей отырып, қазақтардың ойы, тұңғық сыры, асыл арманы туралы әңгіме қозғауға болады. Қазақтың киіз үйі – қазақ баласы үшін адамгершілік ұясы, қасиет тұтар ордасы. Ұзатылған қызына да, енші беріп бөлек шығарар ұлына да қазақ халқы үй тігіп, үй көтеріп беретін болған.

Қазақтарда жарты шар пішінді киіз үйдің түрі тараған. Бұл үй көшпелі тұрмысқа бейімделген. Оны жинастырғанда бір түйенің жүгінен артылмайды. Жаратылыстың мызғымас заңының негізі – бар нәрсе шар тәрізді ұсақ бөлшектерден тұратын болса, бар тіршілік негізі – шар тәрізді форма болатын болса, киіз үй шар-

дың жартысы, сол форманың бірінші бөлігі. Киіз үйдің есігінен кіріп төріне шыққан, малдасын құрып отырған әрбір пендені ғажап шексіз әлем туралы ойлар толғандырды. Сол әлемнің жартысындай боп, кереге, уық, шаңырақ арқылы жасалған ғажайып күмбез формасы, жаратылыстың көк күмбезі туралы ойға шақырып, киіз үй әлем жаратылысының моделі туралы көзқарас қалыптастырды.

Жалпы киіз үйдің қаңқасы негізгі үш бөліктен жиналмалы тор көз ағаш-кереге, имек ұзын

ағаш-уық, дөңгелек ағаш-шаңырақтан тұрады. Керегелер бүкіл үйдің қабырғасын қамтиды. Кереге ағаштары бір-бірімен қайыспен байланыстырылып, тез жиналып, тез жазылады. Керегенің санына байланысты киіз үй алты, сегіз, он, он екі қанатты деп аталады. Керегелердің бір-бірімен байланыстырылуын қанат дейді. Зерттеушілер киіз үйде отыз қанатқа дейін кереге болуы мүмкін екендіктерін жазады [2, 3] (Сурет 1).



Сурет 1. Қазақ киіз үй бейнесі: 1) ішкі құрылысы; 2) сыртқы көрінісі; 3) бөлшектері; 4) қазақ күнтізбесі: 12 жылдық жануарлар циклы.

Уық үйдің күмбезін құрайды, олардың төменгі жағы керегеге бекітіліп байланады, ал уықтың ұшталған жіңішке басы күмбездің төбесі – шаңырақтың бүйіріндегі тесіктерге кигізіледі.

Шаңырақ – бірнеше күлдіреуішпен бекітілген дөңгелек ағаш. Үйдің ағаш қаңқасының үстінен киіз жабылады. Қазақ үйіне жабылатын киіздер көлемі жағынан да, атауы жағынан да әртүрлі болып келеді. Керегелерді қаптап жабатын төменгі жақтың киізін туырлық деп атайды, уықты жабатын киізді үзік деп атайды. Ұзынша тоқылған шиге тігілген киізді үйдің есігін жабу

үшін қолданылады. Қазақ тілінде шаңыраққа қатысты бірқатар тұрақты тіркестер бар: «Шаңырағың биік болсын!», «Шаңырақ көтерді», «Шаңырағы ортасына түсті», «Құлаған шаңырағын қайта көтерді» және т.б. Бұл қазақтарда жанұя ұғымының шаңырақ ұғымымен тығыз байланысты екендігін дәлелдейді. Тіпті синоним сөз ретінде қолданыла беретінін көріп отырмыз. Шаңырақтың киіз үйдің негізгі элементі ретіндегі сакралдық маңызын түсінген адам қазақтар үшін жанұяның қаншалықты құнды, киелі орта екендігін біледі.

Біз киіз үйдің жалпы құрылысымен таныстық. Енді осы киіз үй қаңқасы неге жарты шар тәрізді болды, оның шаңырағы неге дөңгелек, есігі неге шығысқа қараған деген сияқты сұрауларға жауап беруге талпынсақ. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін халқымыздың ерте кездегі дүниетанымына, рухани өміріне үңілу керек. Әрине ерте заманда ғылыми көзқарас қалыптаса қойған жоқ, әр адам өзін қоршаған ортаны қалай көрсө солай қабылдаған. Жер қазақтардың түсінігінде жазық дөңгелек тәрізді болған және жеті қабаттан тұрған. Себебі оның көз алдында өзін қоршаған ұшы-қиырсыз жазық дала көк аспанмен көмкеріліп тұр. Дөңгелек жазық жердің ортасында көк төбе бар. Сол көк төбенің басында көк терек өсіп тұр: ол – өмір ағашы. Осы теректің төрт бұтағы көк аспанды тіреп тұр. Міне, осындай өте қарапайым да болса әлемнің құрылысы туралы көзқарасты көруге болады.

Біздің ойымызша, киіз үй қазақтардың осы көзқарасының материалдық мәдениеттегі көрінісі сияқты. Себебі қазақтар табиғатқа еліктеген. Жалпы түрік халықтарының көшпенді өмір салты оларды табиғатты терең меңгеруге бейімдеді. Олар бір затты ойлап тауып, жасағанда оның алғашқы үлгісін табиғаттың сиынан алған. Сондықтан да киіз үйді қазақтар үшін әлем моделі десек болады.

Енді киіз үйдің ішіне көз тастасақ, оның жабдықтарының қойылу тәртібі қазақтардың ғасырлар бойғы дәстүрлері туралы үлкен мағлұмат береді. Киіз үйдің оң жағы әйелдерге, сол жағы ерлерге арналған. Үй иелерінің ерлі-зайыптылардың төсек-орны оң жақтан немесе төрдің іргесінен орын алады. Үйдің оң жағы әйелдерге арнаулының бір себебі қазақтар бой жете бастағанда оған оң жақтан жеке төсек беріп, шымылдықпен бөліп қойған. Қыздың жеке басының дүниесі де осы жерде жиналады. Қызға бөлінген жер босаға деп аталады. Қосағаға шыққан күннен қыз бала болашақ тұрмысқа дайындалып, тәрбиелене бастайды. Қазақтарда «қосағаң көгерсін» деген сөз қызық бой жетіп, бір отау иесі болсын деген тілектен шыққан.

Сол жақта ерлердің қару-жарақтары ілініп, ер-тұрмандары тұрады. Бұл жаққа әйелдер бармаған, ерлердің құрал-саймандарына жуыспаған. Бұны екі түрлі себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, қазақтар ер баланы ұрпақ жалғастырушы деп, қыздарын ер балаға үлкен құрметпен қарауға тәрбиелеген. Сондықтан ерлерге бөлінген орын қастерлі болып есептелген. Екіншіден, қазақтарда тағы бір ұғым тараған, ол әйелдердің бойында Тәңірі берген бір киелілік бар, сондық-

тан қару-жараққа әйелдің қолы тисе жорықта жауынгер сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Бұған керісінше, кейде жорыққа шыққанда жігіт анасының немесе жарының дайындаған қаруын асынып, жаратқан атын мініп барып, олжалы аман-есен қайтқан.

Киіз үйдің ортасында ошақ орналасқан. Ошақ пен шаңырақ түйісіп тұрады. Ошақтағы отқа байланысты қазақтарда көптеген салт-ұғымдар бар. От-шаңырақтың иесі, сондықтан ошақтағы отты үзбей жағып отыру керек. Отқа түкіруге, оған қырлы, үшкір заттарды тигізуге болмайды. Жанып тұрған отты аттап өтуге де қатты тиым салынды. Бөтен шаңырақ иесі тұтатуға от сұраса бермейтін, себебі өз шаңырағының оты азайып, бағы кетеді, немесе сол шаңырақ мүшелерінің біреуі мерт болуы мүмкін деп ойлаған.

Киіз үйдің негізгі жиһаздары кілемдер мен түс киіздер, сандық, жер қомшалар. Жоғарыда айтып кеткендей қазақтар жасаған заттарына үлкен мағына беріп отырған. Мысалы, осы кілемдер мен түс киіздердегі өрнектерге бір сәт көз салсақ осының өзі бізге қазақтың өткен өмірі туралы біраз әңгіме айтып береді. Қазақтың ою-өрнектеріне қарай отырып, осы мәдени мұраның ертедегі сак, үйсін, ғұн тағы басқа көшпенді тайпалардың мәдениетімен байланыстыруға болады.

Қазба жұмыстарында табылған қола пластиналардағы төрт құлақ, шеңбер, әртүрлі жануар бейнелері қазақтың кілем-киіздерінде кездеседі. Шеңбер – оттың және аспан шырақтарының символы, Жоғары Әмірші ол адам өмірін қорғаушы. Ал төрт құлақ – күннің символы Күн мен Ай қазақтардың ежелден бас иіп сиынатын тәңірлері. Жылқы малы көшпенділердің өмірінде ерекше орын алады. Ең жақсы жылқыны құрбандыққа шалады. Оның бас сүйегімен тұяғын жорыққа шыққанда белдеріне байлап алған. Бұл жауынгерді өлімнен сақтайды деп сенген. Сондықтан да кілемдер мен қомшаларда небір сұлу тұлпарлардың бейнесі көп кездеседі.

Өгіз – күш пен қайраттың көрінісі болды. Бұғы – бақыт, береке белгісі, жолаушыға жол сілтеуші. Балық – судың символы. Аққу киелі құс, шаңыраққа бақыт әкеледі, сондықтан оны өлтірмейді.

Зерттеушілер тапқан ертедегі қазақтардың киіз үйінің туырлығында ғажайып құстар мен қанатты аттардың бейнесі салынған екен. Бұл ерте замандағы шамандық туралы аңыздардың кейіпкерлері екені сөзсіз. Сонымен қоса қазақтарда кентаврлар туралы аңыз тараған. Кентаврлар – ата-баба аруақтары, олар үйді, балаларды қорғаған. Тағы бір туырлықта қолына бүршік атып келе жатқан ағаш бұтағын ұстаған шаман-

ның бейнесі бар. Қазақтар бұл бұтақты қасиетті өмір ағашы деп есептеген. Қазақтың қолданбалы өнерінде осы ағаш тіршілік моделі ретінде бейнеленеді. Сонымен қоса бұл ағаш киіз үйді жын-шайтаннан, залалды рухтардан қорғаған. Мінеки киіз үйдің ішіндегі ою-өрнектердің өздері бізге біраз сыр шертіп берді. Бұл мәселеге қатысты арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Бірақ Әлібек Қажығалиұлының «Ою и Ой» атты қоммақты еңбегін атап өтуге болады [4]. Киіз үйдің құрал-жабдықтарындағы ою-өрнектің және оның түстерінің символдық мән-мағынасын тереңірек түсіну үшін аталған еңбектен біраз қызықты және дәлелді ойлар алуға болады.

Енді киіз үйдің есігіне тоқталайық. Қазақтар есікті әрқашан шығысқа қаратқан. Оның ең басты себебі Күнге, Айға сыйынудан болса керек. Есікті аша салысымын шыққан Күнге сыйынып, Айға бата жасап отырған. Сонымен қоса есіктің шығысқа қарай тігілуі желдің қырынан соғуына байланысты. «Есіктен жел тұрғанша, артыңнан жау тұрсын» деген сөз бекер айтылмаса керек. Есікке байланысты бірнеше ырым болған. Есіктің маңдайшасын күндіз ашып қойған дұрыс деп есептеген. Себебі жабық тұрса, сол үйде қайғылы жағдай болғанын хабарлайды. Бата бергенде «Босағаң берік болсын» деп тілек айтады да, босағаны керіп тұруға тыйым салады. Есікке екі жағынан керегелер жапсырылып, киіз үйдің қабырғасы жасалынады. Керегені жасау үшін әртүрлі өлшемдегі ағаштар қолданылады. Ең ұзын ағашты ерсі деп атайды, орташасы – балашық, кішкентайы саған деп аталады. Көк арқылы керегенің тор көзі желісі жасалады. Тор көз бейне шексіздікті білдірген. Кереге әрқашан сары, қызыл бояумен боялады. Қазақтарда әр түстің өз мағынасы болған. Сары түс – ақыл-ой, қызыл түс – от пен Күннің белгісі. Яғни өздері сыйынатын Тәңірі От пен Күннің құдіреті қаншалықты шексіз болса, адамның ақыл-ойының да шегі жоқ деп тұжырымдаса керек.

Керегенің сыртынан туырлық жабылады. Қазақтар туырлықтың етек жағының кең болып келуін пейілдің кеңдігін, молшылық болсын деген тілекпен байланыстырған.

Шаңырақ қазақтар үшін киіз үйдің ең негізгі, ерекше бөлшегі. Оған байланысты көптеген сенім, ырым, дәстүр қалыптасқан. Шаңырақ бұл осы үйдегі жанұя әулетінің қасиетті жалғасы деп есептеледі. Ол ата-баба аруақтарының құдіретіне ие болғандықтан бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып отырған. Жанұядағы кенже ұл шаңырақ иесі болып қалған. Әке тұрған киіз үйдің шаңырағы оның көзі тірісінде де, ол өлгеннен кейінде

де құрмет тұтылған. Сондықтан да осы шаңырақты иеленген кенже ұлға үлкен сенім артып, міндеткерліктер жүктеген. Көптеген қолданған киіз үйдің жарамсыз бөліктерін ауыстырып, жандандырса да, шаңыраққа тиіспеген. Шаңырақ ошақтың түтінінен әбден ысталып, қарайып кетеді. Сондықтан да бұндай ұрпақтан ұрпаққа берілген шаңырақ «қара шаңырақ» деп аталады.

Шаңырақтың дөңгелек болып келуін де қазақтардың ертедегі көзқарастарымен байланыстыруға болады. Шеңбер, біріншіден, шексіз қозғалыстың, екіншіден, аспан шырақтарының символы. Шаңыраққа жан жағынан уықтарды қадағанда да, шуағын шашқан Күннің бейнесі шығады. Өйткені Күн – қазақтардың ежелгі сенім формаларының бірі. Күн – бақыт, Күннің шығуы – қуаныш, Күннің нұры – құт. Табиғаттың сұрапыл сиқыр-сырының қаһарынан құтқарушы осы Күн. Суықтың жылуы, қатқанның еруі, Жер анаға жан бітуі – осы Күн құдіретінің арқасы. Күн нұрын шашса, жерге құт бітіп, қазақ халқы алдына салып айдаған төрт түлік малының аузы майланады. Сондықтан да қазақ қарияларының ошақ басында отырып, шаңыраққа қарап сыйынуы осы Күнге бағытталғандығын білдірсе керек. Шаңырақтың дөңгелек ағашы тоғын деп аталады. Тоғынның тесіктеріне бірнеше жерден айкастырылып күлдіреуіштер орнатылады. Тоғын шеңбер бейнесі болып табылады, ол көк аспан, жерді қоршап тұрған кеңістік. Ал күлдіреуіштер көк теректің (өмір ағашының) бұтақтары болады. Осы терекке байланысты қазақтар арасында мынадай аңыз тараған: «Көк терек – өмір ағашы, сондықтан жер бетіндегі адамдардың барлығының жандары осы ағаш жапырақтарын белгілейді. Жер бетіндегі адамдардың бірі дүниеден өтіп, екіншісі дүниеге келіп жатады. Сол сияқты көк теректің де бір жапырағы түссе, екіншісі өсіп шығады. Бір адам қайтыс болғанда, көк терек те бір жапырағынан айырылады. Ол жапырақ – өмір ағашынан нәр алып тұрған қайтыс болған адамның жаны. Бұтақтан үзілген жапырақ (дүниеден қайтқан адамның жаны) басқа жапыраққа тиіп кетсе, сол жапырақ жанының жердегі иесінің құлағы шыңылдайды».

Соңғы кезеңде көптеген зерттеулерде түрік халықтарының далалық рухани өміріне терең бойлау байқалуда. Солардың бірі А.Ю. Никонның тәңіршілдікке арналған шағын еңбегінде шаңырақтың «тәңіршілдік крест» ретіндегі сакралдық мәнін ашуға тырысады. Автор «тәңіршілдік бойынша шаңырақтың эзотерикалық мәні ғарыш құрылысының сызбасын (схемасын) береді» [5].

Шаңырақ ата-баба рухтары аруақ идеясымен байланысты. Шаруашылық ата үйі әкенің өлімінен кейін кенже ұлына беріліп қара шаңырақ («қара» «үлкен», «аға» және т.б. мағыналарын білдіреді) болып қастерленеді. Жақын туысқандар жыл сайынғы қысқы соғымның бір үлесін («сыбаға») қара шаңырақ құрметіне тапсырады. Киіз үйдің басқа бөліктері жарамсыз болып бұзылған кезде, тек шаңырақ қана ешқашан өзгертілмей, ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Дөңгелек ағаш тоғын аспанды білдіреді. Осы аспанның өзін тіреп тұрған көк теректің бұтақтары болады, бұл бұтақтардың айқасын орналасуы төрт құлақ бейне береді. Бұл бейне өлімнің төрт бұрышын және Күнді білдіреді. Шаңыраққа байланыстыра тағы бір айта кетер жайт – осы киіз үйдің күн сағаты ретінде қолданылуы. Қазақ халқы механикалық сағаттап пайда болмай тұрғанда, шаңырақтан түскен Күн сәулесінің түсу бұрышына байланысты уақытты мөлшерлеген. Сонымен қоса шаңырақтан түскен Күн сәулесінің жылылығына байланысты қазақтар көктемгі жер өңдеуді бастаған. Бұл көктемгі күн мен түннің қиылысқан мезгілі 21 наурызға сәйкес келеді. Көктемнің бұл күнінде барлық аспан денелері өздерінің бұрынғы негізгі бағытына қайтып оралады, сонымен әлемдегі барлық тіршіліктің жандануы басталады. Қазақтарда жалпы мұсылман халықтарында сақталып келе жатқан наурыз мейрамы осы мезгілдің құрметіне байланысты шыққан.

Шаңырақтың төбесіне киіз түндік жабылады. Оның төрт бұрышты болып келуі қазақтар үшін төрт құбыланы білдірген. Киіз үйдің ішінен ұшында шашағы бар қызылды-жасылды тұйық деген атауға ие баулар ілінеді. Тұйық, біріншіден, киіз үйді әсемдеу үшін қолданса, екіншіден, бірліктің, ынтымақтықтың белгісі болған. Киіз үйдің сыртынан уық пен керегенің үстінен келетін жіпті басқұр деп атайды. Басқұрлар ақ, қызыл, алқызыл түсті болады. Оларға әртүрлі бейнедегі оюлар салынады. Әсіресе, қошқар мүйіз, қима бау, құс таңдай, сыңар өкше, ит құйрық сияқты оюлар басқұрларға тән.

Ғалымдардың зерттеулерінде қой мен ешкі ежелгі аңыздарда күнмен байланыстырылады деген тұжырым айтылады. Басқұрлардағы қошқар мүйіз өрнек ғарыштық символ, күн мен әлемнің бейнесі. Ақ басқұр – қуаныш, бақыт тілеуін білдірсе, қызыл түрлі басқұр осы шаңырақ отының әрқашан жанып тұруын, сонымен қоса шаңырақ күн сәулесінің шуағына бөлене берсін деген тілекті білдірген.

Киіз үйге байланысты қазақтарда ырым-дәстүрлер көп кездеседі және олар әр жерде әр-

түрлі қалыптасқан. Мысалы, Торғай қазақтары киіз үйдің кіре берісінің оң жағына қанжар іліп қойған. Біріншіден, қанжар осы үйдің отбасы мүшелерінің қорғаушысы ретінде қасиетті деп есептелген. Екіншіден, қанжар үйдегі ер адам белгісін көрсетеді. Келесі бір кең тараған салт бойынша отбасы отағасы қайтыс болса, үйдің оң жағына қанжардың басына қаралы шыт байлап шаншып қойылған. Киіз үйдің сыртқы түсіне де өте көп мән берілген. Белгілі шені бар және қуатты тұратын қазақтар ақ үй тіккен. Сонымен қоса жаңадан отбасы құрған жас жұбайлардың киіз үйі де ақ түсте болғандықтан, тіккен үйі «ақ отау» деп аталынған.

Киіз үй ішіндегі құрметті орын төр ретінде барлық түркі тілдес әлемде дерлік есікке қарсы орын және төсек орын бөлшектері белгіленеді. Құрметті орын төр төсек жиынтығымен анықталуы «өнімділік – байлық – бақыт» түсініктерімен байланысты. Жүкке байланысты қазақтың бір қатар тыйымдары кездеседі: жүктің үстіне шықпа, әйтпесе бақ кейін кетеді, кедей боласың; обал болады, жастықты аттамау керек, үстіне баспау керек және т.б. Төсек кешенінің өнімділік идеямен байланысын жүк сөзінің этимологиясын көрсетеді: жүкті сөзі екіқабат әйелді білдіреді [6].

Киіз үйдің төрі (ішінде адам есікке қарсы отырған жағдай) бастапқы тіреу нүктесі болып табылады. Оның оң ер адам жақ бөлігінде ерлер бұйымдар кешені, ал сол жақ бөлігінде әйелдер бұйымдар кешені орналасқан. Ер адам оң жақ бөлігі киіз үйдің қасиетті орыны болып есептелінеді. Ол өмір айналымының ең маңызды сатыларын атап өтетін салт-жоралар орны болды.

Қазақ халқында оң жақ, сонымен бірге, бойжеткен қыздың орны болған. Қыздың бой жеткен шағына дейін орны киіз үйдің сол жағында, анасының қасында болса, «неке» жасына жеткен кезде тұрмыс құрғанға дейін оң жаққа отырған. Осыған байланысты «оң жақтың қызығын көрді» деген ұғым бар.

Киіз үй белгілерінің келесі аспекті – әлеуметтік (некелік) жағдай белгісі. Неке жасын білдіретін қазақ сөзі – «он бесте – отау иесі», отау сөзі бос киіз үйін білдіреді.

Киіз үйде бейнеленетін өлім белгілері неғұрлым күрделі. Белгілі бір адам қайтыс болған киіз үйді сырт бейнесінен оңай айқындауға болады: оны басқа киіз үйлерден қайғылы жалау ерекшелейді. Ы. Алтынсарин қайғылы қазақ үйінің сипаттамаларын береді: «Киіз үйдің сол жақ бетіне ұшы сыртқа шығып тұратын ұзын найза қадалады. Найзаның ұшына дүниеден өткен адамның

жасына қарай түсті орамал байлайды: егер жас болса – қызыл, орта жас – қара, ал ақсақал – ақ түс» [7].

Киіз үй ұлы дала көшпенділерінің ежелгі тұрғын үйі күрделі дүниетанымдық кешенді білдіреді. Барлық дәстүрлі мәдениеттерде үй бүкіл әлем бейнесі *Imago mundi* болып табылады [8]. Бұл мағынадан қазақ тұрғын үйі де қалыс қалмайды. Ол көшпенділер дүниетанымының ерекшеліктерінен тұратын бүкіл әлем моделі болып табылады.

Киіз үй қазақ халқының ұлттық ерекшелігін айшықтай түседі, қолөнері мен дарыны, дүниетанымы мен сұлулық туралы талғамын көрсетеді. Белгілі жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбек: «Көшпелі өмір... даладағы өндіріс тәсілінің шыңдалуы, өнім қорының молығуы сол дала төсіндегі ел-жұртқа төңірегінен алапат-айбарын асыртып қана қойған

жоқ, сонымен бірге күнкөрістің ұлы ырғағымен үндес салт-дәстүрді, моральдық-этикалық қарым-қатынасты, өнердің алуан түрін орнықтырды. Осылардың ішінде көшпелілердің сан ғасырлық тәжірибесі, өмірлік қажеттілігі, ой-өрісі, талғам танымы бір ғана киіз үйдің бойына шоғырланғандай. Көшпелілердің сұлулық туралы талғам-түсінігі, дүниені сұлулық заңдылықтарымен игеру мүмкіндігі негізінен осы киіз үй арқылы көрініс тапты» - дейді [9, 331 б.].

Сонымен қоса қазақтың киіз үйі – үй иесінің байлығы мен барлығының, рухани кісілігі мен қоғам алдындағы орнын көрсетеді. Қазақтар өздерінің өмір тәжірибесінен жинаған құндылықтарының негізінде жасаған киіз үйін әлемде теңдесі жоқ мәдени – сәулеттік, ұлттық өнер туындысы ретінде сақтағандығын мақтанышпен айтуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Байбурын А.К. Семиотические аспекты функционирования вещей // Этнографические изучения знаковых средств культуры. – Л., 1989. – С.78.
- 2 Марғұлан Ә. Казахская юрта и ее убранство. – М.: Наука, 1964.
- 3 Қасиманов С. Ағаштан түйін түйген. – Қазақ әдебиеті, 1993. – 2 сәуір.
- 4 Қажығалиұлы Ә. Ою и Ой. – Алматы, 2004.
- 5 Никонов А.Ю. Тенгрианство. У истоков духовности человечества. – Алматы, 2014. – С.28-32.
- 6 Севортыан Э.В., Левитская Л.С. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «ж», «и». – М., 1989. – С.262.
- 7 Алтынсарин И. Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства // Собр.соч.: В 3-х т. – А., 1976. – Т.2. С.30.
- 8 Вейнберг И.П. Человек в культуре древнего Ближнего Востока. – М., 1986. – С.61.
- 9 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

References

- 1 Baiburin A.K. Semioticheskie aspekty funktsionirovaniya veshei // Ethnographicheskie izucheniya znakovykh sredstv kul'tury. – L., 1989. – S.78.
- 2 Margulan A. Kazakhskaya yurta i ee ubranstvo. – M.: Nauka, 1964.
- 3 Kasimanov S. Agashtan tuin tuigen. – Kazakh adebieti, 1993. – 2 sauir.
- 4 Kazhigaliuly A. Oiu zhane oi. – Almaty, 2004.
- 5 Nikonov A.Yu. Tengrianstvo. U istokov dukhovnosti chelovechestva. – Almaty, 2014. – S.28-32.
- 6 Sevortyan E.V., Levitskaya L.S. Etimologicheskii slovar turkskih yazykov: Obsheturkskie i mezhturkskie osnovy na bukvy “zh”, “i”. – M., 1989. – S.262.
- 7 Altynsarin I. Ocherk pri pohoronah i pominkah u kirgizov Orenburgskogo vedomstva // Sobr.soch.: V 3-h. t. – A., 1976. – T.2. S.30.
- 8 Veinberg I.P. Chelovek v kul'ture drevnego Blizhnego Vostoka. – M., 1986. – S.61.
- 9 Seidimbek A. Kazakh alemi. Ethno-madeni paiymdau. – Almaty: Sanat, 1997. – 464 p.